

**"Көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 809 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсатты беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

1-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 12 қарашадағы  
№ 809 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 918 қаулысына  
2-қосымша

**Көмірсутектер саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар**

Р/с №	Екінші санаттағы рұқсаттар	Уәкілетті орган	Келісусі мемлекеттік орган
1	2	3	4

1.	Теңіздегі объектілерді құруға және орналастыруға рұқсат	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті
			Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
			Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті
			Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі
			Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі